

Металл эффектісі бар су негізіндегі бояу.

Табиғи, жылтыраған жарқылға және жоғары жабу қабілетіне ие. Құрамында ұсақ және орта фракциялы табиғи минералды пигменттер бар.

## БЕТТІ ДАЙЫНДАУ

Қабырғаларды дайындау деңгейі: Q3-Q4.

Қалыңдығы 0.5 мм-ден кем емес фиништік шпаклёвкамен бетті толық жұқа қабатпен шпаклёвкалау қажет. Негіз таза, құрғақ және берік болуы керек. Келесі кемшіліктерге жол берілмейді: ойықтар, тегістеу құралының сызаттары, жырылған жерлер, құрал іздері, көлеңкелер.

- + Сыланған, борланатын немесе сіңіргіш беттерге Грунт Праймер жағыңыз. Бұрын боялған қабырғалар, карниздер, молдингтер, плитустар, МДФ, ДСП, ДВП үшін Грунт Кроющий қолданылады.
- + Түстік астар ретінде – Метеорит Металлик түсіне колерленген декоративті бояудың екі қабатын жағыңыз. Сондай-ақ материал декоративті сылақтарға, Микробетонға, қылқаламмен Лён және Вельветтехникасында орындалған протяжкаларға, рельефті және фактуралы негіздерге қолданылады.

## СҮРТУ

Бояуды Француз Глезалимен 10-30% қатынаста сұйылтыңыз – бұл қолдану техникасына, құралға және рецепттегі нұсқауларға байланысты. Төмен айналымдағы миксермен араластырыңыз.

## БІЛІКПЕН ЖАҒУ

Білікпен жағу дайын фактураларда ұсынылады – Микробетон, Альчидо, Сан Пьер. Орта түкті (8-12 мм) микрофибра немесе полиамид білікті қолдану ұсынылады.

Жағу кезінде Х және V-тәрізді қозғалыстар қолданылады. Тігістер мұқият тегістеледі немесе шүберекпен жеңіл басылып өңделеді.

## БОЯУ БҮРІККІШПЕН ЖАҒУ



Бояуды Француз Глезалимен 15-40% қатынаста сұйылтыңыз. Төмен айналымдағы миксермен араластырыңыз. Өнімділікті арттыру үшін диаметрі үлкенірек 0.021-0.023 форсункаларды қолдануға болады. Ауасыз аппараттың ең төменгі өнімділігі – 2.0 л/мин.

## ҚЫЛҚАЛАММЕН ЖАҒУ



Метеорит Металлик бояуы қылқаламмен протяжка техникасында да қолданыла алады. Көбінесе бұл жағдайда бет секторларға бөлініп, жағу скотчпен шектеліп, шахмат тәртібімен орындалады. Бұл жағдайда үлгіге сүйеніп, секторлардың өлшемі мен форматын дизайнермен алдын ала бекіту маңызды.

## ҚОРҒАУ

Жиһазды, асүй фасадтарын, есіктерді, санитарлық тораптарды және пайдалану жүктемесі өте жоғары беттерді бояғанда қосымша қорғаныс ретінде Жылтыр Лак қолдану ұсынылады. Лакты бояудың бастапқы полимеризациясынан кейін жағу ұсынылады.

**!** **МАҢЫЗДЫ:** Лак астында бояудың түсі тереңірек болып, ал финиші жылтырырақ болуы мүмкін. Үлгіде алдын ала сынама бояу жасау қажет.